

ӘОЖ 81/343

## ҒАЛАМТОРДАҒЫ ТҰЛҒАНЫ ТІЛДІК КЕМСІТУ: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

Музарапова Баян, Садышева Руфина

[bayan\\_m.m@mail.ru](mailto:bayan_m.m@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Шетел тілдері мамандығының 1 курс студенттері,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.С.Абдуова

Ғаламтордың пайда болу сәтінен бастап, қоғамда виртуалды әлемді ұстанушылар саны артуда. Оған дәлел ретінде жаңа технологиялардың дамуын, әлеуметтік желілерде күннен күнге адам санының артуын келтіре аламыз. Қазіргі таңда көп қолданысқа ие болған әлеуметтік желілерде жастардың үлесі басым, демек ғаламтор тұтынушыларының есебінде түрлі жас аралық адамдар тобы көрсетілгенімен, басты назар жастарда. Олардың ғаламтор аясында агрессивті мінез-құлықты танытуы түрлі зерттеуші-ғалымдардың назарын аудартты. Альберт Бандураның зерттеулері бойынша бұқаралық ақпараттар құралдарының дамуы нәтижесінде, ғаламтордың адам өміріне тигізер әсерінен, адам үйден шықпай-ақ агрессивті мінез-құлықты иеленеді делінген. Бұл сөздермен келіспеуге болмас, себебі ғаламтордағы түрлі ақпарат, адам санасын психологиялық тұрғыда өзгертеді. Алайда, бұл ойларға қарсы болған Р.Лоубер мен Д.Хэй адамдардың мінезінде байқалатын агрессия жас аралық нормаға сай және ғаламторға еш қатысы жоқ деп айтқан [1]. Осыдан келе әлеуметтік желілердегі адамдардың, соның ішінде жастардың тілдік агрессияға ұшырауы, агрессивті әрекеттерді тек виртуалды әлемде ғана емес, шынайы өмірде де қолданыла бастауы осы тақырыптың өзектілігін танытады.

Тіл дегеніміз – адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасының, оның дүниетанымындағы, ойлау жүйесіндегі ақпараттарды сақтау, сыртқа шығарудың әлеуметтік құралы. Тілдік агрессия – бұл «ренішті сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдіруі» [2]. Тілдік агрессияның екі түрі ажыратылады. Бір жағынан тілдік агрессия жағымсыз, теріс эмоция мен сезімді білдіруге қызмет етеді. Тілдік агрессияға түрткі болатын көңіл-күй сезімдеріне *ыза*,

*шаптығу, өкпе, көңіл толмаушылық, жеккөрушілік, айыптау, жақтырмаушылық* т.б. жатқызылады. Мұндай агрессия көбінесе сыртқы түртпекке тітіркеніс жауап ретінде көрініс береді. Мысалы, адамға дүкенде дөрекілік танытылғанда, көпшілік көлікте аяғын басып кеткенде, адам өтініші ысырылып тасталғанда немесе қабылданылмағанда, дауда қарсылық білдірілгенде – мұндай физикалық немесе психологиялық дискомфорттың жауабы сұхбаттасушыға қарсы сөз қайтару, тойтарыс беру, ұрыс, балағат болуы мүмкін. Бұл сипаттағы сөз қайтарудың негізгі қызметі жүйкені ширығудан босаңсыту, теріс көңіл-күйден айығу сияқты психологиялық шынығу болып табылады. Басқа жағынан, тілдік агрессия айрықша ниет – адресанттың (сөйлеуші / жазушы) адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (кемсіту, қорлау, келемеждеу) келтіруге мақсатты бағытталған қалауы немесе өзіндік мүдделерін (өзін таныту, өзін өзі қорғау) қайсыбір «тыйым салынған» тәсілдермен жүзеге асыру ойы түрінде көрініс беруі мүмкін [2]. Егер ағылшын тіліндегі ақпараттарға назар аударсақ, онда төмендегідей пікірлерді көреміз.

Virtual communication plays increasingly important role in daily life. As long as the Internet develops, it shapes out its own rules, customs and norms of interaction. For millions of people social networks became a socio-cultural environment, where they perceive social values and standards. However, these standards, unfortunately, are not always correlate with moral and legal norms. Among all kinds of Internet resources, networks placing defamatory, false or hostile information towards other individuals or groups (so called intolerant online communities) have been widely spread. Nowadays millions of people use social networks. It is an Internet site that gives us a chance to support various contacts, keep friendly relationships with classmates, acquaintances. But there are People who write horrible comments in order to attract attention to themselves, in every possible way to insult. Such comments are the basis for the formation of large conflicts, aggression.


Әлемдік статистикаға жүгінетін болсақ, ғаламторды пайдаланушылардың 60% агрессияға мән бермей, жауап қайтармайды. Ал қалған 40% белгілі бір шараны қолдануды дұрыс көреді [3]. Алысқа бармай-ақ, өз мемлекетіміздегі ғаламтордың тілдік агрессия сипаттамасына тоқталсақ, 10 адамның 6-уы агрессивті мінезді өз бастарынан өткерген. Яғни, еліміздегі ғаламтор тұтынушыларының 60% осы проблемамен қақтығысса, қалған 40% мән бермеуге тырысқан. Мемлекеттік ғаламтордағы агрессия келесідей түрлерге бөлініп ажыратылған:

- 27% қорлау негізіндегі пікірлер;
- 22% әрекетті агрессияның қалыптасуына негіз салды;
- 11% өзгеге тіл тигізу арқылы өзіне көңіл аударту.


Тілдік агрессия ғаламторда және шынайы өмірде әртүрлі көрініс табады. Ол көбінесе белгілі бір фактордың болу немесе болмауымен түсіндіріледі. Ғаламторда адам өзге біреуге өзінің ойын ашық түрде ымдап, дауысын көтеріп жеткізе алмайды. Яғни, сол адаммен бетпе-бет байланыс орнатпайды. Алайда, қазіргі таңда әлеуметтік желілерде ымдап сөйлеудің орнына, өз эмоцияларын көрсету үшін “смайл”-дар көп қолданылуда. Ал, тапқыр тұтынушылар бас әріптерді қолдану арқылы “айқайлау” әсерін тудырады. Бетпе-бет байланыс орнатпағандықтан, адамның сөзін шынайы өмірде қабылдау қиынға соғады. Себебі, бетпе-бет байланыс – бұл психологиялық дозиметр, осы арқылы адамның реакциясын, қандай ақпаратты қабылдай алатыны, ал қандай ақпаратты мүлдем қабылдай алмайтыны жайлы айта аламыз. Сонымен қатар, бетпе-бет байланыс өзге адамға агрессивті мінез-құлықты көрсетудің стоп-факторы екені анық. Ж.Қ. Ибраеваның айтуы бойынша агрессивтілікті танытпаудың басты алғышарты адамның бейнесін көріп, оның эмоцияларын бақылау деген [2]. Орыс тілді басылымдардағы мәліметтерге сүйенсек, онда *«Речевая агрессия — эксплицитно выраженная оппозиционность по отношению к собеседнику, цель речевой агрессии заключается в том, чтобы нанести оскорбление или преднамеренный вред человеку, группе людей, организации или обществу в целом. Такое поведение характеризуется сознательностью, намеренностью и контролируемостью»*. Таким образом, жители виртуальных миров выражают свою оппозиционность, в чем, по большому

счету, нет ничего предосудительного — имеем же мы право не соглашаться с мнением других — но при этом сознательно и намеренно оскорбляя окружающих [3] деген тұжырымды байқаймыз.

“Анонимділік” адамға шынайы өмірде істеуге болмайтын іс-әрекеттерді жасауға, тілдесуді өзіне ыңғайы келген уақытта доғаруға тұтастай еркіндік береді. Шынайы өмірде көшеде келе жатып, өзге біреумен агрессиялық жағдайға ұшырап, сөзге келісіп қалған сәтте, тез арада көзден ғайып болу мүмкіндігі жоқ қой. Ал виртуалды әлем бізге мұндай мүмкіндікті беруде. Ғаламтор беттерінен алынған деректерге назар аударайық;



2д. Нравится: 6 Ответить



4нед. 1 отметка «Нравится» Ответить

Ғаламтордағы агрессияның пайда болуының тағы бір себебі, ол әлеуметтік модельдеу. Әлеуметтік желілерде оны аса көп байқамаймыз, сонда да оны ғалымдар дәлелдеп, ғаламторда бар екендігін түсіндіреді. Әлеуметтік модельдеу көбінесе, әлеуметтік ортада қолданылған әлдебір адамның мінезін қайталау, әрекетін көшіріп алып, сол образға ену. Мысалы егер тұтынушы ғаламтордағы мақалаға жазылған негативті пікірлерді оқыса, ол да сондай типтегі негативті образға еніп, модельдеу процесіне көшеді. Нақтырақ айтқанда, егер Youtube сайтындағы бейнероликте немесе мақаланың астында 10-ға жуық пікірлер агрессивті сипатта болса, онда 11-ші адам да өз пікірін агрессивті түрде қалдыру мүмкіндігінің үлесі тым жоғары. Себебі, адамзат баласы өзіне өзгелердің агрессиясын ұшыратпау мақсатында елден ерекшеленбей, өзгелердің ойымен санасуға келіседі. Келесі бір себепке тоқтала кетсек:

“Троллинг” бұл ғылыми салада құрылмағанымен, әлеуметтік желі тұтынушылары арасында қалыптасқан термин. “Троллинг” - агрессия көрсету, жәбірлеу, сөгу немесе тіл тигізу арқылы көрініс табатын желілік яки ғаламтордағы қатынас этикасының бұзылуымен ерекшеленетін виртуалды байланыс түрі [4]. Бұл терминнің қалыптасуындағы өзгеше көзқарас славян-германдық мифологиясында “троллинг” сөзі - қатыгез, ұсқынсыз, қоғамға жаманшылық тілейтін жаратылыстар деп түсіндірілген[5].

И.В Ксенофантованың ойы бойынша, “троллинг” - адамдарды қорлап, олардың арасында шиеленіс тудыру мақсатында жазылатын мәтін делінген [6]. Бұл оймен келіспеуге болмас, себебі “троллинг” жасаушылар (“тролльдер”) форум, чат, блог, жаңалықтар порталы немесе әлеуметтік желілерде арандатушылық пікірлер арқылы шиеленіс тудырты отырып, өзіне көңіл аудартуды мақсат етеді. Ғаламтордағы ақпараттарды қысқаша келтіре кетуді жөн көреміз:

Существует несколько разновидностей «троллей»: тролль-комментатор чувствует острую потребность участвовать во всевозможных дискуссиях вне зависимости от собственной причастности к теме обсуждения. Доказывая и продвигая свою точку зрения, тролль-комментатор использует псевдонаучные факты, оскорбления других точек зрения, собственную эрудицию и прочие сомнительные средства. Одним из самых проверенных средств доказательства считается доказательство от противного, зачастую маркированное фразой “Ну и чё?”.

Тролль-provokator видит своей целью создание негативной атмосферы в сообществе, для чего прибегает к открытому выражению агрессии в отношении чего бы то ни было.



5нед. Ответить



46нед. 1 отметка «Нравится» Ответить

Тролль-советчик стремится «нанести пользу» всем и каждому своими бесполезными и очевидными комментариями. Жертва троллинга на том или ином этапе начинает это понимать и проявляет агрессию в ответ, тем самым помогая троллю достичь поставленную

цель.



avaadoregrl This is the most unflattering boots I have ever seen in my l

24нед. Нравится: 2 Ответить



korolevna5709 Очередной заболевший звёздной болезнью. Тщеславие поглощает.

9нед. Ответить



При взаимодействии с любыми видами «троллей» важно помнить, что любое проявление агрессии в их адрес будет воспринято «троллем», как желаемый результат взаимодействия, поскольку это и является его конечной целью. Единственной правильной реакцией на подобное поведение является полное его игнорирование и отказ от какого-либо взаимодействия с провокатором. Агрессия порождает агрессию, и наоборот, соблюдение правил речевого общения и уважение по отношению к его участникам позволяют обеспечить успешную коммуникацию.

В том, что касается высказывания в комментариях собственного негативного мнения (пусть и вполне оправданного), следует помнить об одном – если вы готовы сказать о работе человека все то же самое ему в лицо, то пишите и критикуйте, если нет, то задумайтесь о ценности своей критики, высказанной в анонимных комментариях, но обычно анонимные комментаторы склонны переоценивать свою смелость [3]. Бұл ойдан байқалатыны, тролдердің түрлері мен адамға жағымсыз әсер ету тәсілдері көп екендігін дәлелдей түскендей.

Әлеуметтік желілерде “троллинг” жасаушылардың қандай да болсын түрімен қатынас орнатқан сәтте агрессивті мінез танытпауға тырысу қажет. Себебі, олардың мақсатының өзі адамды агрессияға ұшырату. Оларға қарсы жалғыз дұрыс реакция – жауап қайтармау (игнорирование).

Тілдік агрессия адамның психологиясына тікелей қатысты болғандықтан, оның ғаламторда пайда болу себептері де психологиялық түрде [7] түсіндіріледі:

- Жеке бас проблемасы (өмірлік серігінің болмауы, жалғыздық сезімі);
- Алкогольді сусындар мен есірткі заттарын шектен тыс қабылдау, жүйке жүйесінің әрекет ету қызметіне кедергі жасап, психикасын бұзып, агрессивті мінезге әкеліп соғады;
- Балалық шағынан қалыптасқан психикалық ақаулар (невроз, ата-анасымен жаман қарым-қатынаста болу әсерінен);
- Баланы қатал түрде тәрбиелеу келешекте оның өзге адамдарға агрессивті қатынасты ұстану мүмкіндігін жоғарылатады;
- Ғаламтордағы агрессивті ойындарды ойнау, триллер көру;
- Жүйкесінің тозуы, демалыс уақытының тым аз болуы.

Агрессияның пайда болуының басты алғышарттары осындай себептердің баршылығымен түсіндіріледі. *Тілдік агрессияның деңгейінің артуы бойынша әлеуметтік желілер иерархиясында екі түрлі ұрпақтың пікірінше Instagram оқ бойы озып шықты. Ал оқытушылар пікірінше Facebook. Соңғы орындар Twitter мен ВКонтакте желілеріне тиесілі. Агрессияның қоғамдағы рөлін төмендету үшін келесідей шаралар ұсынылды:*

- *Тұлғаның өзін-өзі тануы, тәрбиелі қарым-қатынас туралы сауатын ашуы;*
- *Қандай жағдай болмасын сабырлық сақтап, кітап оқуға көңіл бөлу;*
- *Тіршілікті естен шығармай, шыдамдылық, мәдениеттілік ұғымдарын біліп, сезіну қажеттілігі;*
- *Ғаламтормен қолданысты белгілі бір жас аралығына шектеу салу немесе мүлдем қолданбау;*
- *Әлеуметтік желілерде дәрекі, гайбат сөздерді қолдануға тыйым салу;*
- *Толеранттылықты отбасында адам бойына дарыту;*
- *Психологтар көмегіне жүгіну немесе ата-ананың кеңесі мен қолдауын қабылдау;*
- *Анонимділікті жою.*

Алайда, жауап берушілердің 26% бұл мәселенің шешімі жоқ деп тапты, бірақ, әрқайсысы түрлі себептерін айқындады. Бірі пікірталас – мәңгілік, ал пікірталаста әркім өз ойын айтқан жерде агрессия туындайды десе, енді бірі адамның жеке басына, адами қасиеттерімен байланыстырды. Егер осы ойымызды орыс тіліндегі пікірлермен дәлейдейтін болсақ, онда «Опасным для нас является то, что молодежь чаще всего нейтрально, а иногда и положительно относится к социальной агрессии. Все это, является для них только поводом чтобы посмеяться. Употребляя нецензурные слова, выражая оскорбления, унижение к людям, они думают, что отстаивают свободу слова, однако, они забывают, что высшей ценностью являются уважение, дружеские отношения между людьми в разных культурах» [8]. Яғни, қоғам аталған мәселенің қаншалықты қауіпті және оны шешу әр азаматтың міндеті екендігін мойындайды.

Бұл шығатын қорытынды: анонимдік коммуникация, адам эмоциясына ауыр әсер ететін балағаттау мен келемеждеу, жеке басты мұқату, өлімге әдейі арандату, адамдар арасындағы өршіген пікірталас зардаптары орны толмас қайғыға әкеледі. Бұл тұрғыдан мемлекеттік, қоғамдық араласу қажеттілігі сезілу керек, ғаламтор желісін пайдаланушылар үшін жеке бас қауіпсіздігі сақталып қана қоймай, адамдық құрмет пен мәдениет деңгейі де назарда ұсталыну қажет. Тек сондай жағдайда ғана жастар мен балаларды болашақтың кепілі ретінде бағалауға болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Щербинина Ю.В “Вербальная агрессия” - М.: КомКнига, 2006. - 360 б.
2. Ибраева Ж.Қ. Психоллингвистика негіздері. - Алматы: Қазақ Университеті, 2010. - 125б.
3. Анастасия Смольская, Макс Мирончик: Речевая агрессия в интернете или как послать, чтобы не вернулся? 2014 // <https://habr.com/ru/post/363275/>
4. Рикер П. “Герменевтика и психоанализ; Религия и вера.”-М.:Искусство,1996.-270б.
5. <http://cyberleninka.ru/>
6. <http://www.pewresearch.org/>
7. <http://m.geektimes.ru/post/241762/>
8. <https://ru.wikipedia.org/>